

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 15 ақпандағы №1-18-41566-И хаты негізінде 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру ұйымдарында «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени- білім беру жобасымен «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде мектеп оқушыларының интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған «Ұшқын» дебат клубы өз жұмысын жаңа бағытта қайта құрды. «Ұшқын» дебат клубы құрамында 27 адам бар.

«Ұшқын» дебат клубының мақсаты:

1. Дебат барысында оқушылар ұсынылған тақырыптарға қатысты өз пікірлерін қалыптастырып, қарсы жақтың көзқарастарын тыңдап, бағалап, өз пікірлерін қорғауға дағдыланады. Бұл оларға ойларын нақты әрі дәлелді түрде жеткізуге көмектеседі.

2. *Жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті дамыту*

Дебат оқушыларды қоғамдағы маңызды мәселелерге жауапкершілікпен қарап, өз пікірін білдіруге ынталандырады. Оқушылар өздерінің азаматтық ұстанымдарын дамытуға мүмкіндік алады.

3. *Қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын жетілдіру*

Дебат барысында оқушылар тиімді коммуникация дағдыларын қалыптастырады, себебі олар өз пікірлерін дұрыс, анық әрі логикалық тұрғыдан жеткізе білуі тиіс.

4. *Тақырыптарға терең талдау жасау*

Оқушылар түрлі әлеуметтік, мәдени, саяси мәселелерге тереңірек қарап, оларды жан-жақты талқылауға мүмкіндік алады.

«Ұшқын» дебат клубының міндеттері:

1. Өз пікірін дәлелді түрде қорғау

Оқушыларға өз көзқарастарын дәлелдермен, фактілермен және логикалық тұжырымдармен қорғауды үйрету.

2. Қарсы жақтың пікірін тыңдай білу және бағалау

Оқушыларға басқа тараптың көзқарасын тыңдауды және оған құрметпен қарауды үйрету. Қарсы пікірді түсініп, оны дәлелді түрде қарсы қою дағдыларын қалыптастыру.

3. Өртүрлі көзқарастарды салыстыра отырып, аргумент жасау

Оқушыларға бірнеше түрлі көзқарасты салыстырып, оларды жүйелі түрде талдап, өз пікірін аргументтеу дағдыларын дамыту.

4. Топтық жұмыс дағдыларын дамыту

Дебаттар топтық түрде ұйымдастырылғандықтан, оқушылар бірлесе жұмыс істеп, ұжымдық шешімдер қабылдауды, өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектептегі өзін-өзі басқару ұйымымен тәлімгер Утегенов Кеңшілік және дебат жетекшісі Жамат Алдиярдың ұйымдастырумен 7-9 сыныптардың арасында "Жаңашылдықты енгізу үшін дәстүрлерден бас тарту қажет пе?" тақырыбында дебат ұйымдастырылды. - Бұл тақырыпта қатысушылар жаңашылдық пен дәстүр арасындағы қайшылықты талқылайды. Жаңашылдықтың дәстүрлі құндылықтарды өзгертуі немесе оларды толықтай жоюы мүмкін бе деген сұрақ төңірегінде пікір алмастырылады.

Сайысқа «Жігер» және «Самғау» топтары қатысып, өз ойларын ортаға салды. Нәтижесінде айқын басымдықпен «Жігер» тобы жеңіске жетті. (07.02.2025 жыл) <https://www.facebook.com/share/15gUGMLadP/>



№276 орта мектебінің «Ұшқын» дебат клубының мүшелерімен жылдық іс-шара жоспарына сай алғашқы отырысы болды.

Мақсаты: Дебат туралы түсінік беру арқылы пікірсайыс технологиясының әдістемесін ауқымды қарастыру. Оқушыларды клубқа тарту туралы жобалар, іс шаралар жоспарлау туралы сөйлесіп талқыланды. Бұл отырысқа бұған дейінгі клуб мүшелері және мектеп оқушылары арасынан кез келген ниет білірген бала қатыса алатыны ескеріліп, келген оқушылар қатыстырылып олардың ойларын айтуға мүмкіншілік берілетіндігі айтылды.

Дебат жетекшісі Жамет Алдиярға отырыс барысында оқушылар сұрақтар қойылды. Қаралған сұрақтардың барлығына жауап алынып, дебат жұмысын жандандырып ұйымдастыру қарастырылды. (03.09.2024 жыл)



"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес № 276 орта мектебінде 9-11 сыныптар арасында "Жасанды интеллект және сандық этика" атты республикалық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі өтті. Пропозиция фракциясы "Ұшқын" тобы жеңіске жетіп, аудандық кезеңге жолдама алды. Сайыс төрешілері мектеп директорының арнайы алғыс хатын табыстап, алдағы уақытта өтетін аудандық сайысқа қатысушы "Ұшқын" дебат клубының жұмысына сәттілік тіледі. Жетекшісі: Жамет Алдияр Жаметұлы тарих пәні мұғалімі.

<https://www.facebook.com/share/12FgDgACyEm/?mibextid=wwXIfr>



№276 орта мектептің дебат жетекшісі Жамет Алдиярдың және «Ұшқын» дебат мүшелерінің ұйымдастыруымен «Отаншылдық тек мемлекеттік шекарамен шектеледі ме?» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Отаншылдықты тек ұлттық шекаралар мен мемлекеттің тәуелсіздігімен шектеу керек пе, әлде дүниежүзілік деңгейде адамзатқа деген жауапкершілік ретінде қарастыруға болады деген сұраққа жауап іздеп оқушылар өз ойларын ортаға салды. (29.10.2024 жыл)

<https://www.facebook.com/share/1FtyV6mtvy/?mibextid=wwXIfr>



«Ынтымақсыз даму мүмкін бе?» тақырыбында дебаттық ойын өткізілді.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №276 орта мектепте дебат жетекшісі А. Жаметтің ұйымдастыруымен «**Ынтымақсыз даму мүмкін бе?**» тақырыбында 9 сыныптар арасында дебат өткізілді. Бұл дебатта қоғамның дамуы үшін ынтымақтың маңыздылығын бағалай отырып, оның болмауы немесе әлсіздігі қандай теріс салдарға әкелетінін қарастырады. Ынтымақтың қоғамдағы біртұтастық пен дамуға әсері талқыланады. (18.12.2024 жыл)


<https://www.facebook.com/share/1DEnBga77V/>



“Тенге - ұлттық құндылығымыз”

№276 орта мектептің дебат жетекшісі Жамет Алдияр мен дебат фракциясының министрі Жаңабай Балнұрдың ұйымдастыруымен "Тенге - ұлттық құндылығымыз" тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Пікірсайыс барысында оқушылар ұлттық валютаның маңызы, оның Қазақстан экономикасындағы рөлі және теңгенің тұрақтылығын сақтау жолдары туралы пікір алмасты. (15.11.2024 жыл)

<https://www.facebook.com/share/v/1BWYzLSAQq/?mibextid=wwXlfr>



«Сыбайлас жемқорлықты жоюда цифрландырудың рөлі» тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

№276 орта мектепте 7-9 сныптар арасында «Сыбайлас жемқорлықты жоюда цифрландырудың рөлі» тақырыбында цифрлық технологиялардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске әсерін зерттейтін дебат өткізілді. Оқушылар бұл тақырыпта электронды үкімет, ашық ақпарат жүйелері мен автоматтандырылған бақылау жүйелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімділігін талқылады. (21.01.2025 жыл)

<https://www.facebook.com/share/p/1EsRhKEKQa/?mibextid=wwXIfr>

